

"ҚазҒЗМИ-дің тау-кен геомеханикасы және маркшейдерлік ісі Қазақ ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1002 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің "ҚазҒЗМИ-дің тау-кен геомеханикасы және маркшейдерлік ісі Қазақ ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік мекемесі оның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыздық үлеспен қатысатын "Республикалық тау-кен геомеханикасы және маркшейдерлік ісі ғылыми орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, Серіктестіктің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне Серіктестікке қатысудың мемлекеттік үлесіне иелік ету және пайдалану құқықтарын берсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Қарағанды облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-10-жолмен толықтырылсын:

"214-10. "Республикалық тау-кен геомеханикасы және маркшейдерлік ісі ғылыми орталығы" ЖШС";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-1-жолмен толықтырылсын:

"20-1. "Республикалық тау-кен геомеханикасы және маркшейдерлік ісі ғылыми орталығы" ЖШС".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі